«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-ның АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН 2015 ж. «18» 03 өткізілді
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА «18» 03 2016 г.
БСН/БИН 150340017212

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы «24» 05 № 2/309 қаулысына
№ 100 қосымша

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-ның АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
№ 17977 2023 06 08
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 17977 08 06 2023

# Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 140 бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысы

## 1. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 140 бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Бөбекжай-балабақша) оралымды басқару құқығында мемлекеттік кәсіпорыннның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады.

2. Бөбекжай-балабақша Алматы қаласы әкімдігінің _______жылғы «____» ____________ № _____ қаулысына сәйкес құрылған

3. Бөбекжай-балабақшаның құрылтайшысы Алматы қаласының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады.

4. Бөбекжай-балабақшаның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектінің құқықтарын Құрылтайшы жүзеге асырады.

5. Бөбекжай-балабақшаны басқаруды жүзеге асыратын орган «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқару органы) болып табылады.

6. Бөбекжай-балабақшаның атауы:

мемлекеттік тілде: Алматы қаласы Білім басқармасының «№140 бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли-сад №140» Управления образования города Алматы.

7. Бөбекжай-балабақшаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050046, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтбаев көшесі, 101/1-үй.

## 2. Бөбекжай-балабақшаның құқықтық мәртебесі

8. Бөбекжай-балабақшаның дербес теңгерімі, заңнамаға сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Бөбекжай-балабақшаның атауы жазылған бланкілері, мөрі болады.

9. Бөбекжай-балабақша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Бөбекжай-балабақша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Бөбекжай-балабақшамен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалған деп есептеледі.

## 3. Бөбекжай-балабақша қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Бөбекжай-балабақша қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

13. Бөбекжай-балабақша қызметінің мақсаты:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

4) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;

5) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

6) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған инклюзивті дамытушы орта, трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтар құру.

14. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Бөбекжай-балабақша келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі білім беру;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын толық көлемде іске асыру;

3) педагогикалық процесті ұйымдастырудың қолданылатын нысандарының, әдістері мен құралдарының балалардың жасына, психофизиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкестігі;

4) мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру, дамыту;

5) мектеп жасына дейінгі балаларда бастамашылықты, білім құмарлықты, еркіндікті және шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту жөніндегі жұмысты орындау;

6) бес (алты) жастағы балаларды мектепалды даярлаумен қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру.

15. Бөбекжай-балабақша осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Бөбекжай-балабақшаның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Басқару органының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

## 4. Қабылдау және тәрбие-оқыту процесін ұйымдастыру тәртібі

17. Бөбекжай-балабақшаға балаларды қабылдау мектепке дейінгі оқыту саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолданыстағы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі.

18. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының негізгі құрылымдық бірлігі топтар болып табылады. Топтар жас ерекшелігі бір немесе әртүрлі қағидат бойынша жасақталады, сондай-ақ түзету топтары да толықтырылуы мүмкін.

Мектепке дейінгі ұйымдар топтарының толымдылығы қолданыстағы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

Топтарда Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес байқау бейнекамералары орнатылады.

Бөбекжай-балабақшаның жас топтарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту көзделеді.

19. Бөбекжай-балабақша тәрбиеленушілердің болу уақыты бойынша толық күн болу режимінде жұмыс істейді.

20. Бөбекжай-балабақша өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, осы Жарғыны және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

21. Бөбекжай-балабақша бір жастан бастап 1 сыныпқа қабылдағанға дейін, оның ішінде балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру үшін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау,

бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін орындауды қамтамасыз етеді.

22. Бөбекжай-балабақша өз қызметін мынадай кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі;

2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;

3) мектеп жасына жеткен балаларды мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4) балаларды бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Мектепалды даярлық сыныптарында оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 31 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде демалыс белгіленеді.

23. Бөбекжай-балабақшада баланың орны мынадай:

1) бала сырқаттанған жағдайда, денсаулық сақтау, білім беру және өзге де ұйымдарда емделу, сауықтыру, түзету және оңалту кезінде (көрсетілім бойынша анықтама, қорытынды ұсынғанда);

2) тәрбиеленушінің ата-анасының біреуіне немесе заңды өкілі жылына екі айға дейінгі мерзімге тәрбиеленушінің демалысына немесе сауығуына жазбаша өтініш берген кезде;

3) елді мекенде енгізілген төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар), карантин кезеңінде орны сақталады.

24. Балаларды мектепке дейінгі ұйымдардан мынадай:

1) Бөбекжай-балабақша мен баланың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған;

2) бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, келмеген;

3) дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде баланың келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

25. Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері тәрбиеленушінің жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды.

26. Бөбекжай-балабақша, сондай-ақ Бөбекжай-балабақшаның басшысы мен педагог қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

27. Бөбекжай-балабақша:

1) өз жарғысында белгіленген функциялардың орындалуын;

2) Үлгілік бағдарламаның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті оқыту стандартының (бұдан әрі – Стандарт) толық көлемде іске асырылуын;

3) білім беру процесін ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің, тәсілдердің және құралдардың балалардың жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін;

4) Бөбекжай-балабақшаның штатына кіретін медициналық қызметкерлер балалар ағымдағы медициналық бақылауды, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастыруды;

5) Бөбекжай-балабақшаның басшысы бекітетін он күндік ас мәзірін құрастыруды;

6) балаларды теңгерімді тамақтандыруды балалардың жас ерекшеліктері, жұмыс тәртібі, оның жиілігі ескеріліп, Қазақстан Республикасы халқының санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес айқындауды;

7) тәрбиеленушілерде, оның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтану мен табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы тамақтану мәдениетін қалыптастыруды;

8) білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматты түрде ақпараттармен алмасуды және мәліметтерді өзектендіруді;

9) білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара әрекеттесудің регламентін бекітуді қамтамасыз етеді.

28. Штат санын мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттары белгілейді.

29. Тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 51-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген адамдардан басқа, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, оқыту қызметін әдістемелік сүйемелдеу немесе ұйымдастыру жөніндегі педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адамдар педагогтік қызметпен айналысуға жіберіледі.

30. Бөбекжай-балабақшаның педагог қызметкерлері жыл сайын медициналық тексеруден өтеді.

31. Бөбекжай-балабақша жұмыс күндері және демалыс күндері осы Бөбекжай-балабақшамен қамтылған және қамтылмаған балалар үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға жалақы төлеуге, құралдар сатып алуға, тиісті дамытушы орта құруға бағытталады.

32. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін бөбекжай-балабақшаның жанынан қысқа мерзімді топтар құрылады.

33. Бөбекжай-балабақшада отбасы мен баланы әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін консультациялық пункттер құрылады.

34. Тәрбиелеу-оқыту процесімен қамтамасыз ету кезінде әр балаға:

1) өмірі мен денсаулығының сақталуына;

2) қадір-қасиетінің қорғалуына;

3) дене, моральдық немесе психикалық зорлықтың барлық нысандарынан қорғалуына;

4) шығармашылық қабілеттері мен қызығушылықтарының дамуына;

5) сапалы мектеп алды даярлануына;

6) дамудағы кемшіліктерді түзеуде білікті көмек алуына;

7) бейімділігіне, қабілеттеріне, тілегіне және денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алуына кепілдік беріледі.

35. Оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі.

36. Бөбекжай-балабақша мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі.

37. Оқыту процесінің қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагог қызметкерлер болып табылады.

Оқыту процесі Стандарттың негізінде әзірленген Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ Бөбекжай-балабақшаның жарғысымен айқындалады.

38. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісінің, ата-аналары немесе заңды өкілдерінің және қызметкерлерінің қарым-қатынасы оқыту процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, ынтымақтастық негізде құрылады.

39. Бөбекжай-балабақшада Ішкі тәртіп қағидасы бекітіледі, олар: Бөбекжай-балабақша әкімшілігі мен педагогтардың тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналарымен, заңды өкілдерімен өзара іс-қимылды; оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың мінез-құлқын; білім алуды, тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтауды, балалардың құқықтарын қорғауды; Бөбекжай-балабақша қызметкерлерінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы шарттарын; қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыруды; Бөбекжай-балабақша жұмысының басталу және аяқталу уақытын, сабақтар арасындағы үзілістерді; тәрбиеленушілердің оқу сабақтарының ұзақтығын қарастыруы тиіс.

40. Бөбекжай-балабақша әкімшілігі қолжетімділікті және қызметкерлердің, ата-аналардың немесе тәрбиеленушілердің басқа да заңды өкілдерінің Ішкі тәртіп қағидаларымен танысуын қамтамасыз етеді.

## 5. Бөбекжай-балабақшаны басқару

41. Құрылтайшы:

1) Бөбекжай-балабақшаны құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Бөбекжай-балабақшаның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын коммуналдық мүлікке билік етуге басшы органға уәкілеттік береді;

3) коммуналдық мүлікті Бөбекжай-балабақшаға бекітеді;

4) Бөбекжай-балабақшаның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Бөбекжай-балабақшаның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) жыл сайын Бөбекжай-балабақшаның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

7) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

8) Бөбекжай-балабақша мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) Бөбекжай-балабақша мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

42. Басқару органы:

1) Бөбекжай-балабақша бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндетті көлемін айқындайды;

2) Бөбекжай-балабақшаны дамыту жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Бөбекжай-балабақшаны дамыту жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

43. Бөбекжай-балабақшаның басшысы оның органы болып табылады.

44. Басқару органы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу жолымен Бөбекжай-балабақша басшысымен еңбек қатынастарын ресімдейді.

45. Егер осы Заңда және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, Бөбекжай-балабақша басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Бөбекжай-балабақша қызметінің барлық мәселелерін Заңда және осы Жарғыда айқындалған құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

46. Басшы:

1) Бөбекжай-балабақшаның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүддесін қорғайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Бөбекжай-балабақшаның мүлкіне иелік етеді;

3) шарттар және өзге де мәмілелер жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) Бөбекжай-балабақшанының барлық қызметкерлері үшін бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Бөбекжай-балабақша қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазаға тартады.

8) басқару органына өз орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін кандидатураларды ұсынады;

9) өз орынбасарларының және Бөбекжай-балабақшаның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) мыналар үшін:

- Бөбекжай-балабақшаның қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуы;

- таза табыстың белгіленген бөлігінің бюджетке уақтылы аударылмауы;

- Бөбекжай-балабақшаны дамыту жоспарын іске асырудың нәтижелілігі мен тиімділігі үшін дербес жауапкершілікте болады.

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

47. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Бөбекжай-балабақша банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттік тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді

## 6. Бөбекжай-балабақшаның мүлкі

48. Бөбекжай-балабақшаның мүлкін оның теңгерімінде айқындалатын Бөбекжай-балабақшаның активтері құрайды.

49. Бөбекжай-балабақшаның мүлкі бөлінбейді және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Бөбекжай-балабақшаның қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

50. Бөбекжай-балабақшаның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен қалыптастырылады.

51. Бөбекжай-балабақшаның билігінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

52. Оралымды басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғымен өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

53. Оралымды басқару құқығындағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ шарттар немесе өзге де негіздер бойынша Бөбекжай-балабақша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Бөбекжай-балабақшаның оралымды басқаруына түседі.

54. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке оралымды басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Бөбекжай-балабақшаға бекіту туралы шешім қабылдаған, Бөбекжай-балабақша мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

55. Бөбекжай-балабақшаның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

56. Бөбекжай-балабақшаның мүлкіне оралымды басқару құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 144, 154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

57. Оралымды басқару құқығындағы кәсіпорын осы Жарғының 52-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана негізгі құралдарға жататын, оған бекітілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе өзгеше тәсілмен иелік етуге, дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға құқылы.

58. Оралымды басқару құқығындағы кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға құқылы.

59. Бөбекжай-балабақша негізгі құралдарға жатпайтын, оған оралымды басқару құқығында бекітілген жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

## 7. Бөбекжай-балабақшаның қызметін қаржыландыру

60. Бөбекжай-балабақшаның қызметі өз табысының және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаттарының есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

61. Бөбекжай-балабақша таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

62. Бөбекжай-балабақша өзі өндіретін өнімді өз бетінше сатады.

63. Бөбекжай-балабақшаның Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан алған кірістері, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қойылуға жатады.

## 8. Бөбекжай-балабақшаның жарғылық капиталы

64. Бөбекжай-балабақшаның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін меншік иесінен басқаруға алынатын мүліктен қалыптастырылады.

## 9. Бөбекжай-балабақшаның есебі және есептілігі

65. Бөбекжай-балабақшаның бухгалтерлік және қаржылық есебін жүргізу Қазақстан Республикасының бухгалтерлік және қаржылық есеп туралы заңнамасына және тиісті қаржылық есеп саласының басшы органымен немесе жергілікті атқарушы органмен келісім бойынша халықаралық және ұлттық қаржылық есеп стандарттарына сәйкес Бөбекжай-балабақшаның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

66. Бөбекжай-балабақшаның жылдық қаржылық есептілігі бухгалтерлік теңгерімді, пайдалар мен шығындар туралы есепті, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

## 10. Бөбекжай-балабақшаның жауапкершілігі

67. Оралымды басқару құқығындағы кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Осы заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, қазыналық Бөбекжай-балабақшаның қалған мүлкінен өндіріп алуға жол берілмейді.

68. Оралымды басқару құқығындағы кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

## 11. Бөбекжай-балабақшаның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

69. Бөбекжай-балабақшаның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Құрылтайшы белгілейді.

70. Оралымды басқару құқығындағы кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысымен белгіленеді.

## 12. Еңбек ұжымының өзара қарым-қатынасы

71. Бөбекжай-балабақшаның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

72. Бөбекжай-балабақшаның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## 13. Бөбекжай-балабақшаны қайта ұйымдастыру және тарату

73. Бөбекжай-балабақшаны қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

74. Коммуналдық Бөбекжай-балабақшаны қайта ұйымдастыруды және таратуды Құрылтайшы жүзеге асырады.

75. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Бөбекжай-балабақшаның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

76. Бөбекжай-балабақшаның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражаттарды қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Бөбекжай-балабақшаның ақшасы тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

## 14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

77. Коммуналдық Бөбекжай-балабақшаның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.

Приложение 100
к постановлению акимата города Алматы
от «24» 05 2023 года № 2/309

**Устав**
**коммунального государственного казенного предприятия**
**«Ясли-сад №140» Управления образования города Алматы**

## 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли-сад №140» Управления образования города Алматы (далее – Ясли-сад) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Ясли-сад создан в соответствии с постановлением акимата города Алматы от «___» __________ __ _______ года №___________.

3. Учредителем Ясли-сада является акимат города Алматы (далее – Учредитель).

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Ясли-сада осуществляет Учредитель.

5. Органом, осуществляющим управление Ясли-садом является коммунальное государственное учреждение «Управление образования города Алматы» (далее – Орган управления).

6. Наименование Ясли-сада:

на государственном языке: Алматы қаласы Білім басқармасының «№140 бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

на русском языке: Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли-сад №140» Управления образования города Алматы.

7. Место нахождения Ясли-сада: Республика Казахстан, 050046, город Алматы, Бостандыкский район, улица Сатпаева, дом 101/1.

## 2. Юридический статус Ясли-сада

8. Ясли-сад имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Қазахстан и наименованием Ясли-сада.

9. Ясли-сад не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Ясли-сад может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Ясли-садом и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

## 3. Предмет и цели деятельности Ясли-сада

12. Предметом деятельности Ясли-сада является реализация общеобразовательных программ дошкольного воспитания и обучения.

13. Целью деятельности Ясли-сада является:

1) охрана жизни и здоровья воспитанников дошкольного возраста;

2) создание оптимальных условий, обеспечивающих физическое, интеллектуальное и личностное развитие воспитанников, в том числе для воспитанников с особыми образовательными потребностями и индивидуальными возможностями;

3) обеспечение качественной предшкольной подготовки;

4) тесное сотрудничество с семьей для обеспечения полноценного развития воспитанника;

5) оказание консультативной и методической помощи родителям по вопросам воспитания, обучения, развития воспитанников и охраны здоровья;

6) создание инклюзивной развивающей среды, трансформируемые игровые и тематические зоны, ориентированные на поддержку индивидуальности и субъектности ребенка.

14. Для реализации поставленной цели Ясли-сад осуществляет следующие виды деятельности:

1) дошкольное образование;

2) реализацию в полном объеме общеобразовательных программ дошкольного воспитания и обучения;

3) соответствие применяемых форм, методов и средств организации педагогического процесса возрастным, психофизиологическим особенностям, способностям, интересам и потребностям детей;

4) обеспечение интеллектуального и личностного развития детей дошкольного возраста, удовлетворение их интересов, развитие;

5) выполнение работы по развитию инициативности, любознательности, произвольности и способности к творческому самовыражению детей дошкольного возраста;

6) обеспечение предшкольной подготовки пяти (шести) летних детей;

7) осуществление иных видов деятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

15. Ясли-сад не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету цели его деятельности, закрепленной в настоящем Уставе.

16. Сделка, совершенная Ясли-садом в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции руководителя, может быть признана недействительной по иску уполномоченного органа соответствующей отрасли или уполномоченного органа по государственному имущества, местного исполнительного органа, прокурора.

## 4. Порядок приема и организации воспитательно-образовательного процесса

17. Прием детей в Ясли-сад осуществляется в соответствии с действующими правилами оказания государственных услуг в сфере дошкольного образования.

Прием детей на постоянное или временное пребывание ведется в течение года при наличии в них свободных мест.

18. Основной структурной единицей дошкольной организации является группа. Группы комплектуются по одновозрастному или разновозрастному принципу, также могут быть укомплектованы коррекционные группы.

Наполняемость групп дошкольной организации осуществляется в соответствии с действующими Санитарными правилами «Санитарно-эпидемиологические требования к дошкольным организациям и домам ребенка» (далее – Санитарные правила).

В группах устанавливаются видеокамеры наблюдения в соответствии с действующими нормативно-правовыми актами уполномоченного органа в сфере образования Республики Казахстан.

В возрастных группах Ясли-сада предусматривается воспитание и обучение детей с особыми образовательными потребностями.

19. Ясли-сад по времени пребывания воспитанников функционирует в режиме полного пребывания.

20. Ясли-сад в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, настоящим Уставом и другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан, регулирующими сферу дошкольного воспитания и обучения.

21. Ясли-сад обеспечивает выполнение государственного образовательного заказа, финансируемого государством объема услуг по воспитанию, обучению, коррекции нарушения развития и социальной адаптации, развитию медицинскому наблюдению, а также присмотру, уходу и оздоровлению воспитанников, в том числе для реализации инклюзивного образования для детей в возрасте от одного года до приема в 1 класс.

22. Ясли-сад организует свою деятельность по следующим периодам:

1) с 1 сентября по 31 мая – учебный год (период освоения содержания программы, утвержденной действующим законодательством Республики

Казахстан Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения» (далее – Типовая программа));

2) с 1 июня по 31 августа – летний оздоровительный период;

3) выпуск из дошкольной организации детей, достигших школьного возраста осуществляется до 1 августа ежегодно;

4) перевод детей из одной возрастной группы в другую осуществляется с 1 по 31 августа текущего года.

В классах предшкольной подготовки учебный процесс осуществляется с 1 сентября текущего года по 31 мая следующего года. В течение учебного года устанавливаются каникулы.

23. За ребенком сохраняется место в Ясли-саду в случаях:

1) болезни, лечения, оздоровления, коррекции и реабилитации воспитанника в организациях здравоохранения и иных организациях (при предоставлении справки по показанию, заключения);

2) при предоставлении письменного заявления одного из родителей или законного представителя воспитанника на отпуск или оздоровление воспитанника сроком до двух месяцев в год;

3) на период введенного чрезвычайного положения (чрезвычайных ситуаций социального, природного, техногенного характера), карантина в населенном пункте.

24. Отчисление детей из дошкольных организаций производится в случаях:

1) нарушения требований договора между Ясли-садом и родителем или иным законным представителем ребенка;

2) пропуска ребенка более одного месяца без уважительных причин и предупреждения администрации;

3) наличия медицинских противопоказаний, препятствующих его пребыванию на основании справки врачебной консультационной комиссии.

25. Размер ежемесячной оплаты, взимаемой с родителей или законных представителей, составляет 100 процентов затрат на питание независимо от возраста воспитанника.

26. Ясли-сад, а также руководитель и педагогические работники Ясли-сада проходят аттестацию в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

27. Ясли-сад обеспечивает:

1) выполнение функций, определенных его уставом;

2) реализацию в полном объеме Государственного общеобразовательного стандарта дошкольного воспитания и обучения (далее – Стандарт) Типовой программы;

3) соответствие применяемых форм, методов и средств организации образовательного процесса возрастным, психофизиологическим особенностям, способностям, интересам и потребностям детей.

4) детей текущим медицинским наблюдением, иммунизацией и организацией профилактических осмотров совместно с территориальными

медицинскими организациями первичной медико-санитарной помощи, которые осуществляются медицинскими работниками, входящими в штат Ясли-сада;

5) составление десятидневного меню, которое утверждается руководителем Ясли-сада;

6) сбалансированное питание детей проводится с учетом возрастных особенностей, режима работы, кратность его определяется в соответствии с нормативными правовыми актами в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения Республики Казахстан;

7) формирование у воспитанников культуры питания, в том числе посредством пропаганды сбалансированного здорового питания и потребления натуральных и свежих продуктов;

8) автоматизированный обмен информацией и актуализацию данных с информационной системой уполномоченного органа в области образования;

9) утверждение регламента информационного взаимодействия с информационной системой уполномоченного органа в области образования.

28. Штатная численность устанавливается типовыми штатами работников государственных организаций образования.

29. К занятию деятельности педагога допускаются лица, имеющие педагогическое или профессиональное образование по соответствующему профилю и осуществляющее профессиональную деятельность педагога по воспитанию и обучению воспитанников, методическому сопровождению или организации образовательной деятельности, кроме лиц, предусмотренных подпунктами 1), 2), 3) пункта 1 статьи 51 Закона Республики Казахстан «Об образовании».

30. Педагогические работники Ясли-сада проходят ежегодно медицинские обследования.

31. Ясли-сад оказывает дополнительные платные услуги образовательного, оздоровительного характера в будние и выходные дни для детей, охваченных и не охваченных данным Ясли-садом. Поступившие средства от платных услуг направляются на начисление заработной платы специалистам, приобретение инструментария, создание соответствующей развивающей среды.

32. При ясли-саде могут создаваться группы кратковременного пребывания, для воспитания и обучения детей 1-2 лет из малообеспеченных и многодетных семей, семей, воспитывающих детей с инвалидностью.

33. В Ясли-саду создаются консультационные пункты в целях социально-педагогической поддержки семьи и ребенка для родителей, дети которых не охвачены дошкольным воспитанием и обучением.

34. Во время обеспечения воспитательно-образовательного процесса каждому ребенку гарантируется:

1) охрана его жизни и здоровья;

2) защита его достоинства;

3) защита от всех форм физического, морального или психического насилия;

4) развитие его творческих способностей и интересов;

5) качественная предшкольная подготовка;

6) получение квалифицированной помощи в коррекции имеющихся недостатков в развитии;

7) получение дополнительных образовательных, оздоровительных услуг, согласно его склонностям, способностям, желанию и состоянию здоровья.

35. Обучение ведется на государственном языке.

36. Взаимоотношения между Ясли-садом и родителями или законными представителями регулируются договором, который заключается при зачислении ребенка в дошкольную организацию.

37. Участниками образовательного процесса являются дети, родители или законные представители детей, педагогические работники.

Образовательный процесс в соответствии с Типовыми планами и Типовой программой, разработанными на основе Стандарта, а также определяется уставом Ясли-сада.

38. Отношения воспитанника, родителей или законных представителей и сотрудников дошкольной организации строятся на основе сотрудничества, взаимного уважения участников образовательного процесса и с учетом предоставления воспитаннику свободы развития в соответствии с индивидуальными особенностями.

39. В Ясли-саду утверждаются Правила внутреннего распорядка, которые должны предусматривать: взаимодействие администрации Ясли-сада и педагогов с воспитанниками и их родителями, законными представителями; поведение участников учебно-воспитательного процесса; условия для получения знаний, сохранения жизни и здоровья воспитанников, охраны прав детей; условия охраны труда и техники безопасности сотрудников Ясли-сада; организация повышения профессиональной квалификации сотрудников; время начала и окончания работы Ясли-сада, перерывы между занятиями; продолжительность учебных занятий воспитанников.

40. Администрация Ясли-сада обеспечивает доступность и ознакомление сотрудников, родителей или других законных представителей воспитанников с Правилами внутреннего распорядка.

## 5. Управление Ясли-садом

41. Учредитель:

1) принимает решения о создании, реорганизации и ликвидации Ясли-сада;

2) утверждает Устав Ясли-сада, вносит в него изменения и дополнения или уполномочивает на это исполнительный орган, финансируемый из

местного бюджета, уполномоченный на распоряжение коммунальным имуществом;

3) закрепляет коммунальное имущество за Ясли-садом;

4) дает согласие на создание Ясли-садом филиалов и представительств;

5) принимает решения об использовании имущества Ясли-сада, в том числе о передаче его в залог, аренду, безвозмездное пользование и доверительное управление;

6) устанавливает ежегодно размер фонда оплаты труда Ясли-сада;

7) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

8) обеспечивает контроль за использованием и сохранностью имущества Ясли-сада;

9) организует учет имущества Ясли-сада, обеспечивает его эффективное использование.

42. Орган управления:

1) определяет приоритетные направления деятельности и обязательные объемы работ (услуг), финансируемых из бюджета Ясли-сада;

2) рассматривает, согласовывает и утверждает планы развития Ясли-сада и отчеты по их исполнению;

3) осуществляет контроль и анализ выполнения планов развития Ясли-сада;

4) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

43. Органом Ясли-сада являются его руководитель.

44. Орган управления оформляет трудовые отношения с руководителем Ясли-сада посредством заключения трудового договора в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан.

45. Руководитель Ясли-сада действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает все вопросы деятельности Ясли-сада в соответствии с его компетенцией, определяемой Законом и настоящим Уставом, если иное не предусмотрено настоящим Законом и уставом Ясли-сада.

46. Руководитель:

1) без доверенности действует от имени Ясли-сада и представляет его интересы во всех органах;

2) в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан, распоряжается имуществом Ясли-сада;

3) заключает договоры и совершает иные сделки;

4) выдает доверенности;

5) открывает банковские счета;

6) издает приказы и дает указания для всех работников Ясли-сада;

7) в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан принимает на работу и расторгает трудовой договор с работниками Ясли-сада, применяет меры поощрения и налагает взыскания на них, если иное не

предусмотрено законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

8) представляет органу управления кандидатуры для назначения на должность и освобождения от должности своих заместителей;

9) устанавливает компетенцию своих заместителей и других руководящих работников Ясли-сада;

10) несет персональную ответственность за:

- финансово-хозяйственную деятельность и сохранность имущества Ясли-сада;

- несвоевременные перечисления установленной части чистого дохода в бюджет;

- результативность и эффективность реализации плана развития Ясли-сада;

11) осуществляет иные функции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

47. В случаях признания Ясли-сада банкротом или применения реабилитационной процедуры и назначения временного, банкротного или реабилитационного управляющего в порядке, установленном законодательным актом Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве, все полномочия по управлению им переходят соответственно к временному, банкротному или реабилитационному управляющему.

## 6. Имущество Ясли-сада

48. Имущество Ясли-сада составляют активы Ясли-сада, стоимость которых отражается на его балансе.

49. Имущество Ясли-сада является неделимым и не может быть распределено по вкладам (долям участия в уставном капитале, паям) в том числе между работниками Ясли-сада.

50. Имущество Ясли-сада формируется за счет:

1) имущества, переданного ему собственником;

2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;

3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

51. В ведении Ясли-сада может находиться лишь то имущество, которое либо необходимо ему для обеспечения деятельности, предусмотренной его уставными целями, либо является продуктом этой деятельности.

52. Приобретение и прекращение права оперативного управления осуществляется на условиях и в порядке, которые предусмотрены Гражданским кодексом Республики Казахстан для приобретения и прекращения права собственности и иных вещных прав, если иное не предусмотрено настоящим Уставом или не противоречит природе данного вещного права.

53. Плоды, продукция и доходы от использования имущества, находящегося в оперативном управлении, а также имущество, приобретенное Ясли-садом по договорам или иным основаниям, поступают в оперативное управление Ясли-сада в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан для приобретения права собственности.

54. Право оперативного управления на имущество, в отношении которого собственником принято решение о закреплении его за Ясли-садом, возникает у Ясли-сада в момент закрепления имущества на его балансе, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан или иным решением собственника.

55. Ясли-сад не имеет право отчуждать на основании договоров купли-продажи, мены, дарения имущество, относящееся к основным средствам.

56. Право оперативного управления на имущество Ясли-сада прекращается по основаниям и в порядке, которые предусмотрены статьей 249 Гражданского кодекса Республики Казахстан для прекращения права собственности, а также в случаях, предусмотренных статьями 144, 154, 162 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе».

57. Предприятие на праве оперативного управления вправе отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом, относящимся к основным средствам, передавать и списывать дебиторскую задолженность лишь с письменного согласия уполномоченного органа по государственному имуществу, за исключением случаев, предусмотренных 52 настоящего Устава.

58. Предприятие на праве оперативного управления вправе передавать и списывать дебиторскую задолженность с письменного согласия уполномоченного органа соответствующей отрасли или местного исполнительного органа.

59. Ясли-сад самостоятельно распоряжается не относящимся к основным средствам движимым имуществом, закрепленным за ним на праве оперативного управления.

## 7. Финансирование деятельности Ясли-сада

60. Деятельность Ясли-сада финансируется в соответствии с планом развития за счет собственного дохода и бюджетных средств, полученных в порядке, определенном бюджетным законодательством Республики Казахстан.

61. Ясли-сад производит перечисление в соответствующий бюджет части чистого дохода не позднее десяти рабочих дней после срока, установленного для сдачи декларации по корпоративному подоходному налогу.

62. Ясли-сад самостоятельно реализует производимую им продукцию.

63. Доходы, полученные Ясли-садом от совершения деятельности, запрещенной законодательством Республики Казахстан, не предусмотренной

Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года № 1193 «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организации, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий».

## 12. Взаимоотношения с трудовым коллективом

71. Взаимоотношения между администрацией Ясли-сада и трудовым коллективом определяются в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан и коллективным договором.

72. Режим работы Ясли-сада устанавливается правилами внутреннего трудового распорядка и не должен противоречить нормам трудового законодательства Республики Казахстан.

## 13. Реорганизация и ликвидация Ясли-сада

73. Реорганизация и ликвидация Ясли-сада производятся по решению Учредителя.

74. Реорганизацию и ликвидацию коммунального Ясли-сада осуществляет Учредитель.

75. Имущество ликвидированного Ясли-сада, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется уполномоченным органом по государственному имуществу.

76. Деньги ликвидированного Ясли-сада, включая средства, полученные в результате реализации имущества Ясли-сада, оставшиеся после удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход соответствующего бюджета.

## 14. Порядок внесения изменений и дополнений в Устав

77. Изменения и дополнения в Устав коммунального Ясли-сада вносит Учредитель.

Нөмірленген және баулықталған
Пронумеровано и прошнуровано
22 парақ/лист(-ов)